

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 422 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 тамызда № 5850 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 502 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы мәслихатының 17.02.2016 № 502 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Қостанай облыстық мәслихатының кейбір шешімдері күші жойылды деп танылсын:

Қостанай облыстық мәслихатының 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 158 "Ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3668 тіркелген, 2009 жылғы 18 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

Қостанай облысы мәслихатының 2013 жылғы 9 қазандағы № 201 "

Мәслихаттың 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 158 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт азаматтық қызметшілеріне жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4247 тіркелген, 2013 жылғы 23 қазанда "Костанайские новости" газетінде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

А. Сапарова
С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің
білім басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Ә. Төртқараева
2015 жылғы 31.07

"Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ О. Бекмағамбетов
2015 жылғы 31.07

"Қостанай облысы әкімдігінің
жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Е. Жаулыбаев
2015 жылғы 31.07

"Қостанай облысы әкімдігінің
мәдениет басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Л. Сероус
2015 жылғы 31.07

"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Спанов

2015 жылғы 31.07

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК